

Жұлдыз

2' 2017

Молдахмет ҚАНАЗ
ПАҢ ПІРМАҒАМБЕТ

Нұрлан ОРАЗАЛИН
МЕНИҢ АЛТЫН
ТАМЫРЛАРЫМ – ТЕРЕНДЕ...

Кұрманғазы РАХМЕТ
ЖАДЫМДАҒЫ ЖЕЛТОҚСАН

ҚАЗАҚ МИФОЛОГИЯСЫНЫҢ КЕЙІПКЕРЛЕРІ

Акеділ Тойшанұлы

Қазақтың жазиралы даласы қандай кең болса, оның жан әлемі, рухы, дүниетанымы, парасаты мен пайымы, қиялы мен наным-сенімі де сондай байтақ, қатпарлы, қазыналы, өрісті, өрнекті. Өзгелер түсіне алмайтын, түсінуге ықылас танытқанымен түйсіне де, тұшына да алмайтын, ал өзіміз жан-жүрегімізбен сезінгенімізбен басқаларға ұқтырып айтып, ақтарып жазып бере алмайтын бір құпия тылсым әлем бар. Ол – ұлттық мифология. Қазақ мифологиясының қабат-қатпары, жықпыл-жынысы, қалтарыс-бұлтарысы тіпті қою. Өйткені, уақыт тұрғысынан алып қарағанда, ол сонау алғашқы қауымдағы бабалар заманымен тұстас, іліктес, төркіндес, кеңістік тұрғысынан үңілсек, қазақ халқы ешқашан да томағатұйық «темір шымылдық ішінде» жеке дара өмір сүрмегендіктен әлем елдерінің мәдениетімен белгілі дәрежеде тоқайласқан, сабақтасқан салттар, сарындар да бары байқалады. Көшпелілер жаһандану үдерісін төрткүл дүниеге неше мәрте жүргізген жауынгер халық болғандықтан да олардың рухани мұрасы адамзаттан оқшау емес екені тағы да анық. Өйткенмен бұл көзге шалынатын сыртқы қабық қана, ал қазынамыздың алтын өзегінде, діңінде тек қана көшпеліге (малшылық мәдениетке) тән терең астарлы ағыс бар. Бір сөзбен айтқанда, академик С.А.Қасқабасов 1980 жылдары дәп басып айтқанындай «қазақ мифологиясы – европалық түсінікке сай келмейтін өзіндік дара бітімге ие ерекше құбылыс». К.Г.Юнг «миф – энергияның сарқылмас қайнаркөзі» деп жазады. Мұрамызды жақыннан тану арқылы руханиятымыздың тамыры терең, іргетасы берік екенін, осы құндылықтардың ұрпақты мәңгі сусындатуға, қайта түлетуге қуат-күші мығым екенін аңғаруға болады. Төмендегі зерттеулер тізбегі сол мақсатқа ұмтылыс еді.

Жезтырнақ

Жезтырнақ – саяқ жүрген аңшы-мергендерді торып, олармен кешқұрым бейуақта кездесіп, қаскөйлік әрекет жасайтын мифологиялық бейне. Әдетте олардың мекені биік тауда, мүлгіген орманда, ну қамысты ен далада болады. Жезтырнақ көбінде әйел кейпінде, әйткенмен оның ері, бала-шағасы да бар, тіпті оқшау орналасқан дербес елі де болады деген түсінік таралған. Алайда қазақтағы көптеген үлгілерде ол негізінен әйел тұлғасында кездеседі.

Кейбір деректе жезтырнақтың еркегінің аты – Сөрел. Ал, бурят халқында орман иесі – Сорьел, оның әйелінің есімі – Орель деген ұғым бар.

Жезтырнақтың әу бастағы түпкі мифологиялық қызметі қамысты даланың, ну орманның қожайыны (рух-иесі) болуы ықтимал. Кейіннен әлемдік дін ығыстырғанда оның бейнесі хикая жанрына ауысып, өзгеріске ұшырап, енді зияндас кейіпкерге айналып кеткен.

Профессор Сейіт Асқарұлының бұл пікірі шындыққа үндес екендігі осы типологиялық зерттеуде дәлелденіп отыр.

Ғылымда белгілі болғандай жезтырнақ туралы айтылатын қазақтағы 20 шақты сюжеттер негізінен бір-біріне ұқсас келеді. Мысал ретінде Мамай батырдың жезтырнақпен қалай кездескені туралы хикаяны ұсынайық:

«Менің әкемнің әкесі де, менің әкем де Үшарал деген жерге аң аулап барып, жоқ болып кетіпті. Содан мен ержеттім, ат жалын тартып, атқа міндім. Сөйтіп жүргенімде, маған ой түсті. «Менің әкелерім Үшаралға барып өлді. Онда қандайлық пәле бар, барып көрейінші», – деп ойлады. Елімізде бір балгер бақсы бар еді, соны шақыртып алып,

жөнімді айттым. Ол қобызында ойнап-ойнап жіберіп, маған былай деді: «Тіл алсаң барма, әкелерің де сонда өлді, сен де сонда өлейін деп пе ең!» – деді. Оған мен болмадым. Не болса да құдайдың салғанын көрдім деп, бәйге күрең атым бар еді, соған мініп алып, тәуекел деп, Үшаралға жүріп кеттім. Сонымен бірнеше күн жүріп, Үшаралға келіп жеттім. Жері шүйгін. Неше түрлі аңдарды да, қалың құз тоғайлары да көп екен. Екі-үш күн аң атып, жеп жүрдім. Өзімді-өзім күзетіп: «Бұл менің әкелерімді құртып жүрген пәле қайда?» – деп ойладым. Сонымен қанша жүре берейін, «қой, қайтайын», – деп бір аңды атып алып, бақырға салып, «жеп кетейін» деп пісіріп отыр едім, әлден уақытта арқандаулы тұрған атым оскырып қоя берді. Жүгіріп қасына барсам, атым дірілдеп, қан сиіп тұр екен. «Е, бір пәле бар екен, етімді жылдам пісіріп, жеп кетейін», – деп, асып отырған бақырымның қасына келіп отыра бергенде, бір нәрсе зуылдап келе жатты. Қарасам, ұзын бойлы, қара сұр әйел. Екі қолы қусырулы, екі көзімен ішіп-жеп бара жатыр. Келіп, асулы тұрған еттің қасына отырды. Мен де екі көзімді одан айырмадым. Бір қолыма мылтығымды ұстап, бір қолыммен еттің астына от жағып, отыра бердім. О да көзін менен айырмады. Ет пісті. Ол кететін емес. Бір қолымда мылтық, етті түсіріп, жеп отырмын. Бір жіліктің басын алып, ұсынып ем, аузын ашты. Аузына сүйек-мүйегімен асатып едім, ол бір-ақ толғап, сүйегімен жұта салды. Сонымен мен де отырдым. Ол да жауап қатпады. Мен де етті жеп болдым. Көзімді одан айырғам жоқ. «Егер көзім ауып кетсе, қағып жібереді екен», – деп ойладым. Сонымен біраздан соң тұрып, жүріп кетті. «Қой, менің әкелерімді құртып жүрген осы екен», – деп енді кетейін деп, атымды әкеп ерттеп, ойланып тұрып: «Бұл қалай, мен елге барғанда не көрдім деп барамын. Бүгін құдай сақтағанда, тағы сақтар. Осы жерге қонайын», – деп, қайта ойландым. Мұның артын тағы байқайын деп, түнде өз бойыммен бірдей жуан терек кесіп әкеп, ер тоқымымды басыма жастап, үстіне қара шапанымды айқара жауып, кісіге ұқсатып жатқызып, өзім биік талдың басына шығып, мылтығымды оқтап, ұйықтамай қарап отырдым. Ай жарық еді. Бір уақытта атым тағы оскыра бастады. Қарасам, әлгі қатын келе жатыр екен. Шапан жамылып жатқан мен екен деп, келе сала ағашқа мініп алып, жұмарлай бастады. Мен мылтықпен тақ өкпеден дәлдеп басып салдым. Тұра жөнелді. Мен де жылдам атымды ерттеп, міне сап, ізіне түсіп келемін. Жүрген жерінен қан жосып келеді. Бір жерге келгенде қалың тоғайдан атым жүре алмады. Соңына түсіп, жаяулап келсем, қалың талдың ішінде лашық бар екен. Соған кіре құлап, өлген екен. Екі қолын кесіп алдым. Қолы пістедей темір, жезтырнақ екен».

Жезтырнақ образының шығу төркіні мен қалыптасу тарихын кешенді саралаған С.А.Қасқабасов осы бейне туралы негізгі төл сюжеттер қазақ халқында дербес сақталған деген қорытынды жасап былай деп жазады: «Албасты туралы хикая халықаралық сипатта болса, жезтырнақ туралы хикая тек қазақ фольклорында ғана бар».

Әйткенмен жезтырнаққа үндес немесе оған пара-пар келетін образдар түрік-моңғол халықтарында кездеседі. Жезтырнақты қырғыздар “жезтырмақ” “жезтұмшық” десе, тувалықтар «чес дыргак» деп атайды. Ал, буряттар оған үндес бейнені “мушубун” дейді. Мәселен, мушубун жалғыз-жарым жүрген жолаушыларды адастырып өлтіреді де, жезтұмсығымен миын соратын құбыжық.

Академик С.Қасқабасовтың болжап айтқанындай жезтырнақтың әу баста белгілі бір мекеннің (ландшафтының) рух-иесі болғандығы, тіпті оның арғы дәуірде зияндас емес, керісінше кейбір деректерде адамға жақсылық жасайтын қаһарман екендігі тува мифтерінде тамаша сақталып қалған деуге болады. Мәселен, туваның «чес дыргак» туралы бір мифі былай:

«Менің әкемнің аты Донгак Сульде. Ол бала кезінде бір байдың қойын баққан. Оның қыстауы Қызыл-чурек тауының қасынан ағатын Дагыр-Шеми өзенінің маңында болған. Ол қой жайып жүріп бір ақ боз ат мінген сұлу қызға кездеседі. Оның жез тұмсығы, жез

тырнағы, басына киген бұлғын бөркі, ал үстінде жеңі құндызбен жұрындалған тоны бар еді. Ол қайдан пайда бола қалды, мұны әкем біле алмайды. Дәл сол күні бір қозы туады да, аяз күшейгендіктен үсіп өлген еді. Бұған шопан алаңдап, қайғырып жүреді.

– Неге жылайсың, балақай? – дейді салт атты жолаушы.

– Жаңа туған қозы өлді, соған жылаймын,– дейді көз жасы мөлтілдеп.

– Сен жылама, саған өмір тұмарын берем,– деп жұбатады оны бейтаныс жез тұмсықты, жез тырнақты сұлу. Жұбатады да оған қоржынынан ақ талқан секілді аппақ ұнтақты ұсынады.

– Мен қорқам,– дейді бала.

– Неден?

– Байдың қамшысынан.

– Сен осы ақ талқанды іше сал, ештеңеден қорқушы болма, сенің өмірің ұзақ және бақ-дәулетті боласың, ешкімге бағынышты болмайсың. Бірақ менімен кездескенің туралы ешкімге тіс жарып айтпа, егер айтатын болсаң, сол сәтте дереу өлетін боласың, – деп ескертеді.

Шопан бала дуалы ақ ұнтақты ішіп жібергенде ақ боз атты сұлу қыз да дереу ғайып болады. Расында, менің әкем тоқсан тоғыз жасқа келіп, көп ұрпақ сүйіп, жырғаулы өмір сүрді. Әкей өлерінде мені оңаша шақырып, өзінің жезтырнақты сұлуға кездескені туралы хикаяны айтып берді де жантәсілім етті.

Тува фольклорында сақталған бұл сюжетте «чес дыргак» жауыз емес, керісінше қамқоршы бейне міндетін атқарушы әрі өзіне кездескен жанға құпиялықты сақтау жөнінде шарт қоюшы. Басқадай үлгілерде де осындай құпиялық шарты қойылады, егер оны орындамаған жағдайда кездесуші тіл тартпай көз жұматындығы әңгімеленеді. Сонымен бірге қазақтан ерекшелік – тувада жезтырнақ еркек жынысты түрінде де кездесетіні байқалады. Мәселен, Хемчик өзенінің иесі торы атты, күрең торғынмен тысталған тонды, шошақ бөрікті, қара мұртты жігіт. Ол кездескен кісіге мініп жүрген атынды ауыстыр деген талап қояды. Алайда Шақтар Сат атын ауыстырғысы келмейді және де осы жайтты үйіндегілерге айтады. Өкініштісі ол құпиялық шартын бұзған себепті іле-шала көз жұмады.

Жезтырнақтың қазақтағыдай аңшымен оңашада кездесуі туралы сюжет те тувада кездеседі. Мәселен «Чес дыргактарлыг кара кадай» (Жезтырнақты кара қатын) деген мәтін біздегі үлгімен мейлінше ұқсас екендігі назар аудартады:

«Менің әкем аңшы еді, ол әсіресе аңға атқы құрып аулауға шебер еді. Ол қансонарда Дагыр-Шеми өзенінің өр жағындағы Элдиг Кара-Суг-Аксы деген аң-құсы жыртылып айырылатын иен жерге жетеді. Күркесін тігіп, от жағып, тұрақтайды.

Әкем бұл жолы әуреленіп, аң жортатын сүрлеуге, соқпалы жымға қаншама атқы құрғанымен сәтсіздікке ұшырай береді. Бір ай әлекке түседі. Рас, бір-екі аң аранға ілігеді, бірақ оларды әлдене талқандап жеп, сүйегін кеміріп кетеді. Көптеген атқыларға аң баласы жоламайды. Ақыры аңшының азық-түлігі де таусылады.

Бір күні әкем іңірде күркесіне отын әкеле жатып, жақын маңнан әлдененің қомағайлана сүйек кемірген дыбысын, қасат қарды сықырлатып жүгірген үнін естиді. Сезіктенген әкем

тонын шешіп, кісіге ұқсатып жерге төсеп, басына қара қазанын төңкеріп қояды да, өзі білтелі мылтығын оқтап, шатырдың артына жасырынып отырады.

Түнгі аяз да күшейіп, қатқак қар сырғақтап жауа бастайды. Бір уақта қара шашты, қара киімді, қара әйел жетіп келеді. Ол жетіп келген бойда оттың орынын бір айналып шығады да, төңкерілген қара қазанға төне кетеді. Сол мезетте әкем көздеп тұрып атып қалады. Қара киімді қара әйел оқ тие берісімен жанұшырып қара қазанды жез тырнақтарымен тырмалап, дүрсілдетеді. Қас қағым сәтте жер сілкінгендей болады да, зияндас елеске айналады, күйген киіздің қоңырсық иісі шығады. Әкем таяп барса, дым да жоқ, тек қана шала өртенген алақандай сары киіздің жұрнағы қалған екен.

Пәлекеттен аман құтылғанына тәуба етіп, әкем шай қайнатып ішкелі манағы қазанына ақша қарды толтырып жіберіп, тас ошаққа аса салады. Сөйтсе қар ери бере, тамшы ағып, отты өшіре бастайды. Әкем қазанын төңкеріп қараса, он жерден тесілген екен – бұл әлгі Элдиг Кара-Суг-Аксы өлкесінің қаһарлы иесі қара әйелдің он тал жезтырнағының іздері еді.

Келесі күні әкем тағы да аңға шығады, атқы, қақпан, аран құрады, бір қызығы мол олжаға кенеледі: екі қасқыр, бір қабан, бес елікті қанжығасына байлайды. Тегінде, әлгі қар киімді әйел осы өңірдің қарғыс ұрған қаһарлы иесі болса керек».

Сонымен түйіндеп айтсақ, әлемдік діндердің әсеріне салыстырмалы тұрғыдан аз ұшырап (шынтуайтында шаманизм мен буддизмді тең қолданатын), ежелгі танымын сақтап қалған тувалықтардың мифологиясында жезтырнақ көбінде жағымды сипатта суреттеледі. Мейрімді жезтырнақтар ақ боз ат мінген, ақ түсті киім киген, жылы шырайлы екендігі айтылады. Сонымен бірге кейбір мәліметтерде жезтырнақтың зиянкес бейнесі де көрініс табады. Әдетте мұндай жауыз түрі қара киімді, қара түсті кейіпте болады. Сондай-ақ жезтырнақтың ұрғашысы да, еркек түрі де нақтылы бейнеленеді. Ал, қазақта рухани-тарихи себептерге байланысты жезтырнақ тек қана жағымсыз түске боялып кеткен деуге болады.

Айдаһар

Айдаһар – әлем халықтарының фольклорында жиі кездесетін баршаға белгілі кейіпкер. Әсіресе батырдың айдаһармен соғысу сарыны мол. Әйгілі ғалым В.Я.Проптың анықтауынша айдаһар отырықшы-диқаншы қалалық мәдениетте болған халықтарда пайда болып қалыптасады.

Біз қазақтағы айдаһардың стадиялық даму сатысына сай өзіндік ерекшелікке ие екенін байқаймыз. Диханшы халықтар Қытай, Египет, Үндістандықтар айдаһарды аузынан от шашқан, қанаты, төрт сирағы бар, жаңбыр жауғызып, кейде құрғақшылық жасап, елге апат төндіретін, нажағай ойнататын бейне ретінде түсінеді. Ал, бауырлас монғолдар айдаһарды сирағы бар, аспанда ұшатын, жаңбыр жаудыратын, ақырғанда күн күркірететін бейне ретінде елестетеді. Әрине, монғолдардағы айдаһардың бұндай образы үнді-қытай мәдениетінің ықпалымен кейінгі замандарда, атап айтқанда буддизмнің таралуына байланысты қалыптасқаны анық.

Ал, қазақтардың төл түсінігінде, өз ұғымында айдаһар – жыланның алып түрі ғана. Осы сөзімізді дәлелдеу үшін айдаһар образының түпкі мәні мен қызметіне, ертеке пен хикаядағы функциясына талдау жасайық. Сан қатпарлы осы күрделі бейнені жан-жақты талдаған С.А.Қасқабасов «Айдаһар дегеніңіз – түптеп келгенде ғаламат алып жылан» деп жазғанындай қазақ ертегілерінде айдаһардың ерекшелігі сол, ол «алып жылан» түрінде кездеседі. Әрине, кей ертекте оның халықаралық сюжеттерде кездесетіндей сумен қатысы

бар. Мысалы, әйел бейнесінде құбылып жүріп, жігітке үйленеді, шөлге шыдамсыз, түнде тұрып ап, үйдің шаңырағынан мойынын созып, өзеннен су ішкендігі айтылады («Айдаһар»). Кейде ысқырып, аспаннан жаңбыр жауғызады. («Айдаһар қатын»). Шөлден қаталап жарылып өлгенде күн бұзылып, жаңбыр жауып кетеді («Арғы мерген»). Әлбетте, бұл сарындар диқаншы, отырықшы халықтарда кездесетін айдаһарды жауын-шашын, су иесі деп түсінетін ұғымның бізге ауысқан сарқыны деуге болады. Әмбесінде ол халықтар айдаһарды ұшатын қанаты бар, аузынан от шашатын, сирағы бар мақұлық кейпінде елестетеді. Ал, қазақ ұғымындағы айдаһар небәрі алып жылан ғана екендігін айттық. Тіпті көптеген ертектерді айтушылар кейде жылан, кейде айдаһар деген атауларды қатар қолдана береді.

Айдаһар – қазақ ертектерінде қауымнан ауыр салық алып тұратын құбыжық. Ол «борандатып, дауылдатып» келеді. Алдын ала жәбірленушілер дайындап қойған қалың малды, адамды тірідей жұтады. Әсіресе, қыздарды жалмайды, тіпті патшаның қызын да жұтқалы жұртты дағдарысқа ұшыратып, әуре-сарсаңға салады. Онымен шайқасқалы бел буған батыр-аңшыны («Ұшарханның баласы», «Жартытөстік» «Кедейдің үш баласы» т.с.с.) айдаһар жұтқан кезде, ол қырық құлаш семсерін серт ұстап, ішіне кіріп, қақ жарады да, қауымды азат етеді, айдаһарды өлтіргенінің белгісі ретінде жонынан таспа тіліп алады.

Алғашқы қауымда кәмелеттік сынақ өткізуге арналған салтта ішінен неофит (сынақтан өтуші) өтетін орынжай алып жылан, яғни айдаһар пішінінде болатындығы байырғы тайпалардың мәдениетіне арналған этнологиялық зерттеулерде мәлім болған. Сонымен бірге, айдаһар төменгі өлілер әлемінің күзетшісі, жанды о дүниеге жеткізуші рух-ие екендігі де дәлелденген. Ежелгі заманда осы тәрізді неше алуан құбыжықтарға малды, тіпті тірі адамды да құрбандыққа шалатын қатігез салттың талай түрі болғандығы көне қоғам тарихынан белгілі. Әдетте ертегілерде қауымды азапқа салып, әбігерге түсіруші айдаһарды аңшы-мерген типі өлтіріп, көзін жояды, елді төніп тұрған ажалдан құтқарады. Олай болса, өз заманының бетке ұстар қаһарман тұлғасы аңшы-мерген ежелгі замандарда қоғамда орын алған қатал ғұрыптарға тоқтау салып, қауымды қорқыныштан азат еткен нақтылы ерлігі ертегі сюжеттерінде бейнеленуі әбден ықтимал.

Кейбір қазақ ертегілері мен хикаяларында әйел кейде айдаһардың етіне жерік болады. Айдаһар етіне жерік болу – тотемдік сенімнің қалдығы, ал айдаһардың адамды жұтуы – кәмелеттік сынақ салтының ізі екендігі ғылымда анықталып отыр.

Дәуіт, Орман һәм Шотпақ

Дәуіт ұста /Дәуіт пайғамбар – қазақ пен Орта Азия халықтарының наным-сеніміндегі ұста, зергерлердің дем берушісі, ұсталық өнерді жебеуші рух-ие. Металл өңдеу, оның ішінде алтын күміс өндірудің негізі қалануы, сондай-ақ кәсіпшіліктің тері өңдеу, ағаш ұқсату сияқты т.б. түрлерінің дамуы Дәуіт пайғамбар кезінен бастау алады деп саналады. Дәуіт – құранда айтылатын пайғамбарлардың бірі. Ислам мифологиясында Дәуіт пайғамбар – темір өндеуді, қару-жарак жасауды игерген бірінші адам. Құранда Алла тағаланың Дәуітке темірді балқыту және сауыт жасау өнерін үйреткені айтылады. Сондықтан сауыт жасау өнері мұсылман халықтарында Дәуіт пайғамбармен байланыстырылады. Арабтарда кіреуке сауытты «Дауыттың сауыты» деп атаған. Дәуіт пайғамбар жас кезінде сақпанмен тас атып Джалут алыпты (Голиаф) өлтіріп, ерлік көрсеткендіктен, қазақтар оны Ер Дәуіт деп те атайды. Қазақтарда әрбір кәсіптің киелі пірі болады деп саналып, істі істеуде сол пірге сиыну дәстүрі болды. Қазақ ұсталары бір істі бастағанда «менің қолым емес, Ер Дәуіттің қолы» деп жалбарыну сөз айтып, шаруаны киелі күштерге тапсыратын. Қазақтардың түсінігінде ұсталардың жасаған қару-жарақтарында Дәуіттің балғасының ізі болады, оны Дәуіт соғады-мыс. Қазақтардың Дәуіт пайғамбар ауырған адамды емдейді,

эртүрлі зұлым күштерден сақтайды деп сенуі ұсталар соққан қаруды емдеу ырымдарында, зұлым күштерден қорғану мақсатында қолдануының бір негізі болды. Өзі батыр, өзі сауыт жасаушы киелі кейіпкер болғандықтан Ер Дәуіт пайғамбарды қазақ батырлары да өздерінің пірі тұтып, айқас алдында одан медет тілеп сыйынды. Қазақ батырлары өздері асынған жауынгерлік қарулар мен қорғаныс жарақтарының әр түрінің де пірі болады деп сеніп, Ер Дәуітті сауыт пен қылыштың пірі санаған. Ол күніне 90 әскерге қару-жарақ, сауыт соққан деген аңыз бар.

Дәуіт туралы мифтік әңгіменің бірі былай: «Дәуітті ажал алғалы аңдып келгенін сезген ол Алдашыны (мифтік жаналғыш) алдап, өзі істеген әдемі сандықпен қызықтырып, соның ішіне салып бекітіп, суға ағызып жіберген делінеді. Алдашы 300 жыл суға ағып, содан Дәуіт 300 жасапты дейді.

Дәуіт ұстаның кереметі сол, оның қолы отқа күймейді екен. Ол қызыл қолымен отты көсіп, шоқты ұстап, нарттай қызған темірді жалаңаш алақанымен ұстап ие берген деседі. Бірақ, сол ғажайып өнері баласына дарымаған. Себебі, бала ұсталықтың сертін бұзып, елдің ыдыс-аяғын жамағанда ақының сыртында артық пара алған екен. Содан кие атып, оған атасының өнері толық қонбай, қолы отқа күйетін пенде болып қалса керек. Яғни, Дәуіт ұста қызыл қолымен, ашық алақанымен от ұстағанда күймейтін кереметке ие болса, баласы ондай киеліліктен ада болады. Содан оған әкесі «мен өлген соң, менен ұқпаған өнерді иттен ұғарсың» деп өсиет қалдырады. Дәуіт қайтыс болған соң баласының қолы күйіп, іс соға алмай, қауым қинала бастайды. Ол кезде адамдарда ұсталық құрал-сайман болмаған бағзы дәуір екен деседі. Танауы тасқа тиген ұл әкесінің өсиетін еске алып қарап отырса, ит алдыңғы екі аяғымен сүйекті қысып алып мүжиді. Соны көріп үлгі алып, иттің сирағына еліктетіп қызған темірді оттан қысып алатын ең алғашқы қышқашты соққан екен. Сол кезден бастап ұстаның қышқаш сайманы пайда болады».

Дәуіт ұста ұсталықтың пірі ғана емес, ол бақсылықты да жебеуші. Себебі, ежелгі түсінікте ұста мен бақсы синкретті тұлға, ол тәңірі мен қауымды жалғастырушы дәнекерші қызметін атқарады. Ескі қазақтардың жерлеу рәсімінде ұста мен бақсыны қауымнан оқшау жерлеген деген дерек бар. Сондықтан да бақсы сарынында, ер Дәуіттің есімі жиі ұшырасады. Мысалы:

«Әуеден көмір түсірген,

От жақпай темір пісірген!

Қау көрігі бақылдап,

Балға төсі шақылдап,

Ер Дәуіт пірім, сен қолда!

Сен қолдасаң, мен мұнда», – деп оны «пір» ретінде шақырған. Қазақтың бақсы-балгерлері Дәуіт науқастанған адамды әр түрлі қара күштерден сақтайды деп сенген.

Жалпы, Орта Азия халықтары әр түрлі кәсіптердің қолдаушы иелері бар, солар желеп-жебесе іс оңалады деп сенген, сонымен бірге бұндай рух-иелердің көбін кейінгі замандарда ислам дінінің әулиелерімен, пайғамбарларымен байланыстырғаны байқалады. Мәселен, қырғыздар ағашшылық өнер иесі Нык (Нүк) пайғамбар, ол жер жыртуға арналған ағаш соқа мен ер шабуды елге үйреткен деп түсінсе, түрікмендер ағаш шеберін қолдаушы Хатымтай (Атымтай) деп ұққан. Сонымен бірге қырғыздар етік тігу өнерін үйретуші Салы

пайғамбар десе, өзбектер былғары кәсібінің қожасы Хазіреті Сұлтан Ахил деп ұғынған. Бұл екі есімнің шығу төркіні, этимологиясы әзірше белгісіз.

Қазақ халқында да осындай ұғымның ұшқыны бар екені зерттеу барысында анықталып отыр. Мысалы, 1939 жылы туған К.Қыдыржанұлының айтуына қарағанда қазақта баспана иесі – Орман баба, темір қожасы – ер Дәуіт, етікшінің пірі – Шотпақ. Қария бізге бұл жайында мынадай әпсана айтып берді:

«Баяғы өткен заманда темір иесі Дәуіт пайғамбар батырларға қажетті сауыт-сайманнан бастап ел тұтынатын қазан, ошақ, пышақ, қайшы, қышқаш, біз, ине, тебен секілді керек-жарактың бәрін бір өзі ғана соғады екен. Ал, етік тігу өнерін Шотпақ атқарады екен, ол бүкіл адам баласын былғары аяқ киіммен қанымдайды екен, Орман баба болса, тез құрып, мор салып, үй ағаш басып, дүйім жұртты киіз үйлі болдырады екен. Ол кезде бұлардан басқа еш пенде осы кәсіптердің сырын білмейді екен-мыс. Бірде осы үш шебер шен таластырып, дауласып қалады. Шотпақ: «Егер мен болмасам бүкіл адам баласы жалаңаяқ қалар еді, жалаңаяқ пенде табаны тесіліп, жаяу жүре алмас еді, менің арқамда жұрттың бәрі етік киіп отыр, сол арқылы ары-бері қозғалып, іс тындыруда. Егер мен болмасам, адам аттап баса алмас еді, өмір-тіршілік тоқтап қалар еді» дейді. Сонда Дәуіт «Пәлі, бұл не дегенің?! Мен болмасам пышақты кім соғады, бізді, тебен-инені кім жасайды? Егер қолда пышақ болмаса, мына етіктің жұлығын міней де алмас едің. Егер үскі, бұрғы, ыңғыру, ара, балта болмаса үй ағаш та жасалмас еді. Бәріңнен мен күштімін» дейді. Мұны естіген Орман баба «Ой, сендерде айта береді екенсіңдер. Егер мен болмасам бас қалқа үй болмас еді, үй болмаса иен далада панасыз қалған жанда күй болмас еді. Сол себептен бәріңнен мен кереметпін», – дейді. Ақыры бір-біріне есе бермеген үшеуі абызға келіп жүгінеді. Сонда абыз «Ойпыр-ай, сендерде босқа дауласады екенсіңдер. Бәріңнен де Орман құдіретті. Егер Орман жоқ болса үй болмас еді, бастарыңда пана болмаса, қайтіп кәсіппен шұғылдана аласыңдар?! Ұлыған боранда, ақырған аязда, күркіреген жауында пенде шіркін кәсіп істемек түгіл жанын қоярға жер таппас еді. Егер жел соғып тұрса, жауын құйып тұрса, көрік басып, көмір жаға алмас едің, отың өшіп қалар еді. Мойыныңнан су сорғалап тұрса, қалтырап тоңып отырсаң, саусақтарың икемге келмесе, етік те тігілмес еді. Бәріңнен Орман күшті», – дейді.

Бұған өкпелеген Дәуіт көрікті жиып тастап, дүкенін жауып, «Бәлем, сендерге бір айымды өткізейін!», – дейді де бет-әлпетін өзгертіп, жұпыны киініп, елден жасырынып, бой тасалап, үлкен шаһарға кіріп, ұшты-күйлі жоқ болады. Жылыстап жыл өтеді, айналып ай өтеді, заманнан заман өтеді. Елде қалған екі шебердің құрал-сайманы да әбден тозады: балта, пышақ, біз, тебен, ине, қайшы, бұрғы дегендей темір құралдардың тозығы жетіп, ілікке жарамай қалады. Соның салдарынан енді етік тігілмейді, жұрт аяқ киімге, ең қиыны – баспанаға зар болады, жүдеп-жадап жұтай бастайды. Батырлар сауыт-саймансыз қалады. Тығырыққа тірелген екі шебер елмен ақылдасып, ақыры Дәуіт ұстаны іздеуге бел буады. Бірақ ізім-қайым жоғалған оны табу қиынға соғады, құмалақшылар бал ашқанымен діттеп айтып бере алмайды. Екі шебер баяғы абызға келіп ақыл сұрайды. Ол: «Дәуіт үлкен шаһарға барып бой тасалаған. Ол кейпін өзгертіп, жасырынып жүргендіктен табу да қиынға түседі, жар шашсандар тіпті тығыла береді. Бірақ та бір амал бар. Сендер қарауыл жігіттерді сайлап, қаланың ел шұбап өтетін ең үлкен күре жол көшесіне барыңдар. Сол ұлы көшеге, елдің жолына көмір қалдығын төккізіп тастаңдар. Былайғы жұт көмірді басып өте береді, ал Дәуіт көмірге тап келгенде оны баспай, тәу етіп, кідіретін болады. Сол кезде күзетшілер Дәуітті танысын, бас салып ұстап алатын болсын», – дейді. Абыздың ақылымен олар қалаға барып, қарауыл жігіттерді сайлап, 3-4 күн көмір төгіп, соқпа жолды андып тұрады. Ел көмірді басып, елең етпей жүре береді. Бір күні әлдекім төгілген көмірді көріп кідіріп: «Пай-пай, мына хайуандардың ісін-ай, көмірді бытырлатып басып!», – деп, киім-кешегінің былғанғанына қарамай, етегіне салып тасып, елдің аяғы

тимейтін аулаққа тасып апарып үйе бастайды. Мұны көрген қарауылдар оны бас салып: «Сіз Дәуітсіз бе?», – дейді. Ол: «Жоқ, мен Дәуіт емеспін», – деп бұлтарады. Ал үстіне түскен Орман мен Шотпақ ескі досын жыға тани кетеді, бас иіп сәлем береді. Екі шебер ағаттығы үшін кешірім сұрап, темір иесі Дәуітті қошаметтеп-қолпаштап ел-жұртқа қайтадан алып келген екен деседі» (17.12.2008 жылы Көкшетау өңірі Раздольный елді мекенінде 1937 жылы туған Моңғолиядан келген қария Көңбай Қыдыржанұлынан жазып алған дерек.)

Қорыта айтқанда, Орта Азия халықтарының ұғымында, сонымен бірге ислам мифологиясында Дәуіт ұсталықтың пірі ретінде көрініс табады. «Қисса –сұл-әнбия» кітабында да Дәуіттің теміршілігі әңгіме арқауына жиі айналғандықтан да бұл ұғым жергілікті халықтың құлағына кітаби әпсана арқылы әбден сіңісті болғанға ұқсайды. Сайып келгенде түрлі кәсіп иелерінің сырлы жебеушілері туралы ежелгі түсініктер кейіннен ислам әулиелерімен ұштастырылғандықтан олардың аты-жөні мұсылмандық сипат алған. Ескеретін жайт, қазақтағы үй иесі Орман баба мен былғары аяқ киім иесі Шотпақтың есімі негізінен төлтума сипатта. Орман бабаны мифологиялық кейіпкер ретінде Н.Мыңжанұлы өз зерттеуінде атап өтеді. Ал, етікшінің пірі Шотпақ туралы мәлімет бұрын-соңды кездеспегендіктен бұл бейнені алдағы уақытта түбегейлі зерттеу қажет.

Алдашы

Алдашы – қазақтың дәстүрлі түсінігіндегі жаналғыш бейне. Мысалы: «Өлмегенге өлі балық жолығады» деген ғой, кісі киікке Алдашыдай сезілген түнгі от құм ішінде адасқандарға жол көрсетуші болды (М.Елеусіз. Жоғалған қыз. Роман. Өлгий, 1983. 39-б.); Тал қараңғылығына ене берген едім, «Алдашының ала арқаны» мойнымнан орала түскені. «Токта»,– деді зілді дауыс. Денем қалтырап, мұздап сала берді (Е.Әбікенұлы. Ояну. Қолжазба). Бұл кейіпкер туысқан алтайлықтарда бар.

Алдашы есте жоқ ерте заманда адамдардың көзіне көрініп келеді де, ажалы жеткен пендені атына мінгестіріп, о дүниеге апарып тапсыратын болған екен-мыс. Ол заманда адамдар момын, бейуаз, уәдесіне берік болғандықтан маңдайдағы сызығы таусылып, дәм-тұзы біткен соң, ел-жұртпен бақұлдасып, Тәңірдің құзырына қайта кете беретін болған деседі. Кейіннен адамдар бірін-бірі алдап, сонымен бірге Алдашыға да көне қоймайтын болған. Сол себептен енді Алдашы пенденің көзіне көрінбей жасырын келетін болған. Алдашы адам жанын алғалы келіп бауыздағанда керегенің үшінші көгіне дейін қан шашырайды-мыс деген әңгіме ел арасына таралған.

Алдашыны мифологиялық кейіпкер ретінде алғаш рет Н.Мыңжанұлы 1996 жылы жарық көрген «Қазақтың мифтік аңыздары» деген кітабында сипаттады. Ғалым бұл еңбегінде «Баба түкті Шашты Әзіз әулиенің Алдашыны шапалақтауы» деген хикаяны жариялады:

«Бұрынғы заманда бір үлкен өзеннің бойында шөп күркені мекен етіп, балық қақтап, су сақтаған бір кедей кемпір болыпты, оның бар медеуі жастай жетім қалған жалғыз ұлы екен. Ұлы енді ер жетіп, ес жиып, ел қатарына қосылам дей бергенде аяқ астынан Алдашы келіп, қанды қармағын жалғыз баланың жанына салыпты. Жанұшырған кемпір жүгіріп, Баба түкі Шашты Әзізге келіп, «Әлгі Алдашы дегенің жалғыз баланың жанын шырылдатып, әкетіп барады. Қолдар болсаң, енді қолда, ара түсіп алып қал, айналайын, бабам!», – деп аяғын құшып жалыныпты. Шашты Әзіз атына мініп, Алдашыны қуып жетіп, «Сен мына сорлы кемпірдің жалғыз баласының жанын неге аласың, тастап кет?!», – деп айғай сапты. Алдашы оған ажырая қарап «Мен оның жанын Тәңірдің жазмыш-жарлығы бойынша алдым, ажалға ара түсуге кімде-кімнің хақысы жоқ», – деп жүре

беріпті. Ашуы қысқан Шашты Әзіз шапалақпен Алдашыны бетке тартып кетіпті. Алдашы теңселе тәлтіректегенде, баланың жаны қайта ұшып барып, өз бойына еніпті. Алдашы қашқан бойы Тәңірінің алдына барып: «Жер бетінде Баба түкті Шашты Әзіз деген тентек бар екен, Тәңірінің жарлығына қарсы келіп, ажалға ара түсті, құлыңызға қол тигізді», – деп арыз айтыпты. Тәңір оған «Сен оның адамдардың әулиесі екенін білмеуші ме едің?! Ол не істеймін десе, еркі өзінде, оның тілін алмаған өз обалың өзіне», – депті. Шашты Әзіздің шапалағы тиген соң Алдашының көзі шапыраш болып қалыпты».

Ислам діні орнығуына байланысты кейінгі замандарда Алдашының қызметін Әзірейіл періште алмастырады. Қазақстанның кейбір өңірінде Алдашыны Жаналғыш деп те атайтынын ескерген орынды. Халықтың түсінігіндегі Жаналғыш пен Әзірейілдің қызметі, жасап жүрген іс әрекеті, хикаяда бейнеленуі – Алдашыға ұқсас болып келеді. Мәселен:

«Әзірейіл, Жәбірейіл екеуі ел аралап жүріпті. Олар Алла тағаланың оң қолы ғой. Яғни, Алла тағаланың хақ бұйрығын орындаушылар. Екеуіне жолай бір ауылдан шыққан жігіт кездеседі. Әзірейіл, Жәбірейіл, жолаушы жігіт үшеуі сапарлас болады. Амандық сұрасқан соң екеуі жігітке: «Мына ауылда, екі бала бар, соның жанын аламыз. Соған барамыз», – дейді. Ауылдың шетіне келсе, бір топ бала тақырда асық ойнап жатады. Асыққа таласып, бірі келесі баланы кенеттен ұрып қалады. Асық басына тиеді де, тиген бала тіл тартпай өліп қалады. Ол баланың шешесі келеді де ұрған баланы көсеумен қойып қалады. Ол бала да өліп қалады.

– Екеуі өлді ме?

– Екеуі де өлді!

– Онда, ал, қайттық.

Әзірейіл мен Жәбірейіл бұйымтайы біткен соң тағы да жолға түседі. «Енді алдыда бір ұл бар. Соның жанын аламыз», – дейді. Ауылға жақындағанда еріп келе жатқан жігіт: «Менің жанымды қашан аласыңдар?», – дейді. «Сенің жаныңды айттырып қойған қызың бар. Соған үйленіп, той жасап, қасына жатқан күні аламыз!», – дейді. Жігіт: «Ойбай, онда неғып тірі жүрейін. Қазір алыңдар», – дейді. Әлгі екеуі: «Жоқ, алмаймыз. Сызығың біткен жок», – дейді. Кете береді. Сол күннен бастап жігіт санадан солады. Әке-шешесі айттырған қызды ал десе, алмай, қашқақтап жүре береді. «Шырағым-ау, алсаңшы, айттырып қойған қаншама қалың мал күйіп кетеді ғой», – дейді ата-анасы. Жігіт көнбейді. Бұл жайтты қыз да естиді. Ақыры жігітті шақырып алып, себебін сұрайды да: «Сен қорықпа ол екеуінен, мені ала бер. Бір есебін табармыз», – дейді. Ақыры тойды жасап, келіннің бетін ашады, кешке қасына жатып құшақтаған кезде есікті «тық-тық» еткізіп әлгілер де қағады. Жігіт «Жаналғыш келді» дейді үрейленіп. «А, Жаналғыш келіп тұр дейсің бе? Барып аша ғой», – дейді. «Барып аш та, сіздерден бір тілегім бар, сол тілегімді орында да жанымды ала бер деп айт», – дейді келіншегі. Келін ақылды болып тұр ғой.

Барып ашқан соң әлгілер: «Жаныңды алғалы келдік» дейді. «Ал, онда, жанымды алатын болсаңдар, мен сіздерден бір сұрақ сұрайын. Содан кейін жанымды ала беріңдер» деген екен. «Сұрағың не?» дейді екеуі. Жігіт «Кеше жолдас болдық қой біз. Менің жолдасақымды бер» деген екен. “Не дейді?” депті де, Тәңірге осы жайтты хабарлайды екеуі. Сонда Құдайтағала “Жолдасақыға ол не сұрайды?” деген екен. Сонда жігіт үйіне кіріп шығайын дейді де әйеліне келіп «Жолдасақыға не сұраймын?» деген екен. Әйелі «Жүз жас сұра» деген екен. Содан жігіт қайта шығып «Жолдасақыға жүз жас бер!» деген екен. Әлгілер «Әмин» деп, жүз жас берген екен дейді».

Алтайлықтардың ұғымында төменгі әлем Ерліктің өкілі Алдачы адамның жанын алуға келеді, кісі өлген соң ол жеті, немесе қырық күн бойы марқұмның үйінің маңында торуылдап жүреді. Осы кезде өлген адамның затын алуға, аруақты мазалауға тыйым салынады. Қырық күн өткен соң бақсы-қам арша тұтатып аластап, Алдачыны қуу шарасын өткізетін көрінеді.